

Фармацевтикалық
өндірістегі еңбек
гигиенасы және
өнеркәсіптік
санитарияның мазмұны
мен міндеттері

0 Еңбек гигиенасы – профилактикалық медицинаның бөлімі, ол адам ағзасына жұмыс үрдісінің әсерін және өндіріс орындағы факторларын зерттеу арқылы, қойылатын талаптарға ғылыми түсініктеме береді, кәсіби аурулардың алдын алу мақсатында, жұмысшыларға еңбек жағдайында жағымсыз әсер ететін факторларды зерттейді



- 0 Еңбек гигиенасы түрлі зерттеу әдістерін қолданады: *талдау, статистикалық, химиялық, биохимиялық, физикалық, инструментальді, клиникалық, экспериментальді.*
- 0 Еңбек гигиенасы ғылыми дисциплина бола тұрып, өз алдында қойылған мәселелерді шешу үшін, түрлі зерттеу әдістерін пайдаланады. Өндірістік орталарды зерттеу кезінде көбіне *физикалық және химиялық* зерттеу әдістері қолданады. Жұмыс жағдайының сипаттамасымен танысу мақсатында және жұмыс үрдісі кезінде пайда болатын зиянды факторлардың адам ағзасында туындататын физиологиялық реакцияларға баға беру үшін - *физиологиялық, биохимиялық, психологиялық және т.б.* әдістер қолданылады.
- 0 Жұмысшылар топтарының денсаулық жағдайын және аурушандық көрсеткіштерін зерттеу үшін *клиникалық және санитарлы – статистикалық* әдістер қолданылады.
- 0 Өндіріс орталарына арналған нормативтерді даярлау үшін экспериментальді зерттеулер жүргізіледі: *электрофизиологиялық, биохимиялық, патоморфологиялық, гематологиялық, токсикологиялық, эмбриологиялық және т.б.* әдістер.

Еңбек гигиенасының негізгі міндеті – адам организмiне әсер ететiн қолайсыз еңбек жағдайларына сапа мен сан мөлшерiнде баға беру

Еңбек гигиенасының мақсаты -белгiлi жағдайда адамның iс-әрекетiмен байланысты жағымсыз әсерлердiң алдын алу.

0 Өндірістік санитария -зиянды өндірістік факторлардың қызметкерлерге әсерін болғызбайтын немесе азайтатын санитарлық-гигиеналық , ұйымдастыру іс-шаралары мен техникалық құралдар жүйесі. Өндірісте еңбек қауіпсіздік шараларын санитарлық қолайлығын талаптарға сай қамтамасыз етуді, кәсіпорынның аумақтары сияқты, сондай ақ олардың өндірістік және тұрмыстық бөлмелерін еңбекке қолайлы етіп жасап шығару. Санитарлық - гигиеналық талаптардың қанағаттандырылмағаны тек қана кәсіптік ауруларға ғана шалдыра қана қоймай, сонымен қатар өндірістегі жарақаттанудың бірден бір себебі болуы да мүмкін.

Еңбек гигиенасы шешетін басты мәселелер:

- 0* Еңбек гигиенасы жұмысшылардың жұмыс жағдайларын жақсарту үшін гигиеналық нормативтерді негіздейді.
- 0* Өнеркәсіп мекемелерінің құрылысын салуға қажетті санитарлық ережелерді шығарады.
- 0* Жұмыс орындарын тиімді пайдалану, еңбек процестерін ұйымдастыру және еңбек пен демалыс тәртібінің сақталуын қадағалайды.
- 0* Салынып жатқан өнеркәсіп орындарында, санитарлық сақтық қадағалау жүргізу.


Еңбек гигиенасы

Жалпы-өндірістің барлық саласына тән физикалық факторлардың, шаңның, токсикалық заттардың әсер ету заңдылықтарын зерттейді.

Жеке еңбек гигиенасы ауыл шаруашылығының жеке салаларындағы еңбек жағдайын, жеке мамандықтардың еңбек гигиенасын (еңбек сипаты, зияндылықтар, шаң, шу, химиялық заттар, еңбек тәртібі ж.б.) зерттейді.

Еңбек сипаты немесе кәсіптік зияндылықтар – бұл жұмыс қабілеттілігінің төмендеуіне, жедел және созылмалы аурулар мен улануларға алып келетін, еңбек қабілеттілігін уақытша жоғалту ауруларының өсуі және басқа да жағымсыз әсерлер, соның ішінде тұқым қуалау құрылымына, организмнің қартаю процесіне әкелетін еңбекті ұйымдастырудағы қолайсыз факторлар.

Кәсіптік зияндылықтарды зерттеу тек гигиенистер ғана емес, сонымен қатар емдеу-дәрігерлері үшін де маңызы зор. Науқасты оқшау емес, оның жеке бас ерекшеліктерін ескеріп, еңбек және тұрмыс жағдайымен тығыз байланыстырып қарастыру қажет. Сондықтан кез келген профильдегі дәрігер жұмыс тәртібін, демалысты, емді дұрыс орналастыру үшін, сауықтыру ұсыныстарын құрастыру үшін өндірістің гигиеналық жағдайын білуі тиіс.



0 Еңбек үрдісіне байланысты кәсіптік зияндылықтар жұмысшылар организімінде арнайы және арнайы емес

өзгерістер туғызуы мүмкін.

АРНАЙЫ ӨЗГЕРІСТЕР:

1. Кәсіптік аурулар
2. Жедел уланулар
3. Созылмалы уланулар
4. Жекелеген асқынулар (отдаленные последствия)
(мутагенді, тератогенді, канцерогенді, аллергенді)



0 АРНАЙЫ ЕМЕС ӨЗГЕРІСТЕР:

1. Қажу
2. Зорығу
3. Стресс
4. Арнайы емес сырқаттанулар
5. Жекелеген асқынулар (мутагенді, канцерогенді, эмбриотропты, аллергенді)



Кәсіптік аурулардың алдын-алу ең маңызды мемлекеттік міндеттердің бірі болып табылады. Осы мақсатта барлық өнеркәсіптік өндірістерде жұмысшыларға қолайсыз әсер ететін өндірістік орындардың зиянды факторларын шектеуге

бағытталған шаралар жиынтығы жүргізіледі.

1. Әкімшілік шаралар
- 2.Технологиялық
- 3.Техникалық қауіпсіздіктің орындалуы
- 4.Санитарлық
5. Емдеу



Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы
N 251 Кодексі. Күші жойылды - Қазақстан
Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы N° 414-V
Кодексімен

0 Қорытынды: Еңбек гигиенасы - еңбек жағдайларының гигиеналық әсерлерін, және жұмыскерлердің жұмысқа қабілеттілігі мен денсаулығына әсерін, сонымен қатар еңбек жағдайларының жағымсыз әсерлерін ескертудің тәжірибелік шараларын және ғылыми негіздерін өңдейтін ғылым. Еңбек гигиенасының негізгі мазмұны болып созылмалы сырқаттардың үдеуін, жұмыскерлердің еңбек ету жағдайында жарақаттанулар мен олардың асқынуларын, жарақаттану және сырқаттарды медициналық алдын-алу болып табылады.